

**Аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру
жөніндегі ақпарат нысанын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 1 ақпандағы N 54 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 12 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5131 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы N 60 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы N 60 Бұйрығымен.

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1998 жылғы 20 қарашадағы 21-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2009.03.19. N 116 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі ақпарат нысаны бекітілсін.

2. Аудиторлық ұйымдар есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға осы бұйрықпен бекітілген нысан бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру жөніндегі ақпаратты табыс етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік активтерді басқару әдіснамасы департаменті (Ж.Н. Айтжанова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы » 1 а қ п а н д а ғ ы
N 54 бұйрығымен бекітілген
Нысан

**Аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі**

200__жылдағы ақпарат

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру туралы деректер					
р/р N	Сақтандыру ұйымы- ның атауы және орналасқан жері	Сақтандыру полисінің нөмірі мен берілген күні	Сақтан- дыру со- масының мөлшері	Сақтан- дыру сый- лығының мөлшері	Сақтандыру сыйлығының іс жүзінде төленген мөлшері

Басшы _____
 қолы (аты-жөні)
 М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК